УДК 327.065

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ ЖӘНЕ ЛАҢКЕСТІКПЕН КҮРЕСУ, АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тұяқбай Аңсар Мейірханұлы
ansar.99.kz17@gmail.com
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Альпеисов А.К

Лаңкестік пен экстремизм XXI ғасырдағы бүкіл әлемнің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және рухани жағдайына ықпал етіп отырған ең бір өзекті мәселеге айналды. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде АҚШ-та болған лаңкестік акт жаңаша сипат алып, лаңкестікпен күрестің бұрын тарихта болмаған халықаралық жаңа кезеңіне негіз болды. Лаңкестік пен экстремизм қазіргі халықаралық қатынастар ғылымында зерделеуді қажет ететін маңызды мәселе болып табылады. Себебі, аталған екі құбылыс та белгілі бір мемлекет аумағында орын алғанымен, бұл оқиғалар дүниежүзілік қауымдастықтың мүдделеріне қайшы келіп, олардың бейбіт және жарасымды өмір сүруіне қауіп туғызуда. Осы орайда, көптеген ғалымдар бұл мәселелерді әлемдік қатынастардың жаһандануымен байланыстырады. Өкінішке орай, қазіргі заман өзінің күрделі қатынастарының қиындай түсуімен және адам баласының бойындағы рухани құндылықтардың құлдырауы нәтижесінде адам және қоғам, қоғам және мемлекет, мемлекет және әлемдік қауымдастық арасындағы қарымқатынастардың шиеленісуі орын алуда. Өз кезегінде осындай антогонизмдер және ішкі қоғамдық қайшылықтар жекелеген адамдар мен топтардың лаңкестік актілерге тәуекел етуіне түрткі болуда. Ең өкініштісі, лаңкестік және экстремистік топтар өздерінің қылмыстық мақсаттарын орындау үшін барлық объектілерді пайдаланып,

адам өмірі мен оның денсаулығын, жалпы қоғамдық тәртіпті жойып, мемлекеттік, аймақтық, тіпті халықаралық қауіпсіздікке нұқсан келтіруде.

Қазіргі кезде діни фундементализм мен лаңкестік бір ғана аймакка, бір ғана мемлекетке тән құбылыс емес. Әлемдік дәрежеде лаңкестікке апаратын діни экстремизм жалғаса түсуде. Түрлі топтар осыны пайдалану арқылы саяси-экономикалық мәселелерді шешуге тырысуда. Орталық Азия аймағындағы лаңкестік пен экстремизм мәселелері ерекше көңіл аударуға тұрарлық жағдай. Аталған аймақ Қазақстанға көршілес мемлекеттерден тұрғандықтан, бұл жағдайға бей-жай қарауға болмайды. Орталық Азиядағы орын алып отырған дін атын жамылған экстремизм мен лаңкестіктің саяси әлеуметтік негіздерін зерттеу өте өзекті мәселе. Бұған негіз болатын бірнеше факторларды атап өтелік:

Біріншіден, дінге байланысты экстремизм мен лаңкестік кеше мен бүгін ғана пайда болған құбылыс емес. Оның ертеден келе жатқан тарихи тамыры терең. Қазіргі лаңкестік әрекеттердің мәнін түсінуде адамзат тарихындағы діни көзқарастар мен саяси құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызы ерекше. Өйткені ол, осы кездегі діни экстремизм мен терроризмнің саяси-әлеуметтік негіздерін анықтауға жәрдемдеседі.

Екіншіден, қазіргі кезде Қазақстан Орталық Азияға қақпа рөлін атқарып тұр. Себебі, мұнда негізгі интелектуалдық және транзиттік әлеует, орасан зор табиғи ресурс шоғырланған. Құрлықтық орналасуы тұрғысынан алып қарағанда Қазақстан әрі еуропалық, әрі азиялық мемлекет. Орталық Азиядағы діни экстремизм мен терроризмнің Қазақстанға тигізер ықпалы орасан. Себебі, осы жылдың қаңтар айындағы болған тәртіпсіздікте ұсталған « Йакын Инкар» радикал мүшелері дәлел. «Йакын Инкар» діни ұйымы Қазақстанда 2018 жылдың қазанында экстремистік ұйым деп танылды. Олардың қозғалысы 1926 жылы Үндістанда құрылған. «Таблиги джамаат» (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) діни экстремистік ұйымынан бөлінген. 2017 жылға дейін Қырғызстанда діни ағымын насихаттаған, кейін «экстремистік топ» деп танылды. Қозғалыс мүшелерінің нақты саны белгісіз. Қырғызстандық теолог Қадыр Мәліковтің айтуынша, діни ағым Орта Азия елдерінің ішінде әуелі Қырғызстанның солтүстігінде – Ыстықкөл және Нарын облыстарында пайда болды.

Қазіргі таңда Орталық Азия аумағында ішкі және сыртқы саяси күштер тарапынан қаржыландырылатын лаңкестік ұйымдардың саны жыл санап артуда. Тіпті, әлемдік деңгейдегі «Әл-Кайда» ұйымының Орталық Азия аймағында белсенді әрекет етіп жатқандығын құқық қорғау органдары да жасырмайды.

Үшіншіден, әлемдегі ірі державалар тарапынан лаңкестікке қарсы күресте кінәлілерді біліп алмай, оның туу себептерін анықтап алмай тұрып беталды соғыс жүргізуі орын алуда. Олай болса «діни экстремизм», «исламдық терроризм» туралы әлемдік ақпарат құралдарындағы даурықпа науқаншылықтарда, біздіңше, ғылыми дәлелдемелер жетіспейді, оны бағалауда біржақталық басым.

Төртіншіден, Орталық Азия елдері тәуелдіздік алғалы бері діннің дамуына кең жол ашылды. Көп жыл кеңестік атеистік саясаттың тегеуірінін көрген мұсылман қауымы діни жоралғыларды орындауға мүмкіндік алды. Алайда, осы орайда, аймақты мұсылман атын жамылған экстремистік діни бірлестіктердің дүниеге келуі жағдайды ушықтыра түсті. Осы ретте Ислам дінін ұстанатын нағыз бірлестік пен жалған бірлестіктің ара-жігін ажырату үшін діни сауатты, яғни теологиялық білім бар кадрларға және осы саладағы оқулықтарға сұраныс артты.

Енді мәселенің практикалық аспектісіне келер болсақ, сөз жоқ, соңғы 30 жыл ішінде Қазақстан мен оның аймақ бойынша көршілес елдері үшін үлкен қатер болып саналатын — халықаралық терроризммен күресу мәселесі өткірлене түсті. Бұған басты себеп, құрамына Қазақстан да кіретін ТМД мен Орталық Азия аймағында кейінгі кездері терроршылдық әрекеттердің ашықтан-ашық, кейбір жағдайларда жасырын белгілерінің көрініс беруі болып

отыр. Оның үстіне терроризм барған сайын есірткі саудасы мен заңсыз қару-жарақ сатумен біте қайнасып келеді.

ҚР Бас Прокуратурасының мәліметінше, «Йакын Инкар» діни ұйымының мақсаты Қазақстан аумағында «халифат» құру болған. Бұл ұйымның жақтаушылары басқа діндерді, ағымдарды үзілді-кесілді жоққа шығарады.

Ұйымның атауы араб тілінен аударғанда «құдайдан басқа барлық нәрсені жоққа шығару» дегенді білдіреді. Ұйымның мүшелері ұзын шаш өсіреді және Пәкстанның дәстүрлі киімдерін киеді. Олар барлық заманауи техника жетістіктерінен бас тартады, мемлекеттік институттарды мойындамайды.

Қадыр Мәліковтің айтуынша, «Таблиги джамаат» мүшелерінің басым көпшілігі халықтың өмір сүру деңгейі мен діни сауаты төмен аудандардан келген жастар. Жұмыссыз және сауатсыз жастар үшін «Йакын Инкар» (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) қолайлы орта болған, сол үшін республиканың барлық өңірінен ағымды қолдаушылар саны жылдам көбейген.

«Йакын инкар» (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) қозғалысына тыйым салынғанға дейін Қырғызстанның құқық қорғау органдары оларды жауапқа тарта алмаған. Себебі ұйым өкілдері заңды мойындамаған, ресми тіркелмеген, «Құдай көмектеседі» деген желеумен медицина көмегіне жүгінбеген, телефон қолданбаған, тіпті балаларын мектепке жібермеген.

Сол кездегі Қырғыз Республикасы Думасының басшысы, бас мүфтиі Мақсат қажы Тоқтомушев нағыз мұсылманның ондай болмайтынын және олардың басқа ағым екенін айтқан. Сонымен бірге олардың дінді уағыздауға рұқсат алмағанын мәлімдеген тарихшы Молдахмет Мырзабековтің айтуынша, халықаралық терроризм белсенді әрекет жасайтын Батыс Еуропа, Таяу Шығыс аймағын айтпағанның өзінде ШЫҰ-на кіретін елдердің аумағында қазіргі кезде барлық сипаттары бойынша террористік деп танылған басқа да бірқатар ұйымдар бар. Олардың қатарында Өзбекстанның ислам қозғалысын (Өиқ) атауға болады. Бұл қозғалыстың мақсаты Орталық Азия аймағында құрамына осы өңірдегі халқының басым бөлігін мұсылмандар құрайтын мемлекеттер кіретін ислам халифатын құру. Аталған ұйымның кезінде «Біріккен Тәжік оппозициясынан» (БТО) қолдау табуы және Ауғанстан талибтерімен одақтасуы, Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігіне үлкен қатер төндірді.

Өиқ өзінің агрессивтілігімен ерекшеленеді. Оның әскери басқыншылығына тап болатын мемлекеттердің қатарына Қырғыстан мен Өзбекстан, жанама түрде – Ресей, Тәжікстан, Ауғанстан кірді. Өзінің географиялық орналасуына байланысты Қырғызстан шабуылға ұшырайтын алғашқы нысан ретінде белгіленді. Лаңкестер кезінде осындай жолмен Өзбекстан аумағына кіруге тырысты. Қазақстанның оңтүстік облыстарында біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндірген «Хизб-ут-Тахрир» діни-экстремистік қозғалысы соңғы жылдарға дейін астыртын әрекет жасап келді. Бұған осы қозғалыс мүшелерінің Қазақстанның бірнеше аудандарында жасаған әрекеті дәлел бола алады. Мысалы, Түркістанның 1500 жылдығын тойлау кезінде «Хизб-ут-Тахрир» мүшелері осы жерде экстремистік-террорлық сипаттағы бірқатар әрекеттерді іске асыруға тырысты. Ал Кентау қаласында Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті ішкі істер органдарымен бірлесе отырып, діни фанатизмді тұтандырмақ болған діни-экстремистік қозғалыстың төрт мүшесін қамауға алды. Бұлардың барлығы біздің республикамыздың азаматтары болатын.

КСРО-ның ыдырау кезеңінде пайда болған шешен лаңкестері 1991-1994 жылдары Солтүстік Кавказда қарулы бандаларға бірігіп, жүздеген адамды бопсалады және жолаушылар автобустары мен ұшақтарына шабуыл жасады. Ал бірінші орыс-шешен соғысы басталған тұста, яғни, 1994 1996 жылдары олар саудаға салу мақсатында адамдарды жаппай ұрлауды кәсіпке айналдырып, аталған аумақта кең көлемде терроршылардың ұйымдасқан

ошағын құрды. Бұдан өзге әскери қимылдар барысында шешен әскери жасақтары 1995 жылдың жазында Буденовск пен 1995 жылдың желтоқсанында Кизлярда ауруханаңы, ал, 2004 жылдың 1-қыркүйегінде Бесланда мектепті басып алып, көптеген бейкүнә адамдарды казаға ұшыратты. Сонымен қатар, шешен терроршылары әрекеттерінің кеңінен тараған түрі, Ресей және шетел журналистерін, сонымен қатар гуманитарлық сапармен жүрген шетел мемлекеттерінің өкілдерін ұрлау болды . Қазіргі таңда, бейресми деректерге сүйенсек, шешн содырлары Орталық Азия елдерінде өз қызметтерін жасырын түрде жалғастыруда.

Күн шығысымыздағы Қытайда осы кезге дейін Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданында да бірнеше рет лаңкестік әрекеттер орын алды. Терроризмге қарсы күрес белгілі бір ұйымның аукымындағы арнайы құрылған құрылымдар арқылы жүргізілген жағдайда пәрменді болмақ. Терроршылар қай елдің территориясында болмасын, олар әрқашан қудалауда болатындығын және жауапқа тартылатындығын сезінгенде ғана аяғын тартатын болады. Біздің қоғамымыз мүшелерінің басым бөлігі үшін осыдан 5-10 жыл бұрын «терроризм, терроршылар, террорлық акт» деген терминдер бүгінгі күні әлемнің шалғай бір түкпірінде болып жатқан сияқты көрінгенімен, соңғы 2 жыл көлемінде Қазақстанда орын алған террорлық әрекеттер бұл құбылыстың біздің елімізге де тән екенін түсіне бастады.

Лаңкестік пен экстремизмнің алдын алу және оның материалдық, идеологиялық негізін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы бірқатар нақты шаралар мен әрекеттерді жүзеге асыруға бел шешіп кірісті. Осындай қадамдардың бірі Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама.

Орталық Азия аймағына төнетін террористік сипаттағы қауіптерді шамамен 40 жыл жүріп жатқан үнді-ауғандық аймақтан туындайтын оңтүстік-батыс, шығыс, негізін ұйғыр сепаратистері құрады және Кавказдағы қақтығыстармен байланысты солтүстік-батыс деп шартты түрде бөлуге болады.

Соңғы екі қауіп, әсіресе «Шыңжаң-ұйғыр проблемасы» көп көрші елдердің қауіпсіздік мәселелеріне әсер ететін созылмалы этноконфессионалдық және әлеуметтік-саяси жанжалдардың нағыз мысалын көрсетеді. Былайша айтқанда ислам мемлекетін құруға, соның ішінде зорлық әдістерімен, құқықтарын жариялайтын сепаратистік және діни күштердің ресми билікке қарсылығының көпғасырлық тарихы бар, бірақ соңғы онжылдықтарда ерекше өзекті болуда.

Халықаралық террористік және экстремистік ұйымдар интеграциясының қазіргі уақытта қалыптасқан тенденциясы ұйғыр сепаратистерінің қызметінде нақты көрінеді, олардың «Аль-Каида»,«Өзбекстанның ислам қозғалысы» және «Хизбут-Тахрирдағы» «әріптестерімен» тығыз байланыстары ұйғыр террористік топтарының қызметінің СҰАА тыс алысқа таралуына ықпал етеді. Бұл жағдайда СҰАА шыққан экстремистер шығыс флангтағы «тұрақсыздықтың доғасын» құрайды. Саяси география теориясымен сәйкес, Шыңжаң – Ұйғыр автономдық ауданы (СҰАА) Қазақстан Республикасымен шекаралас және де негізінде барлық Орталық Азия мемлекеттерінде ұйғыр диаспорасының үлкен контингентінің өмір сүру жағдайы мықты негативті факторлардың бірі болып табылады. Бұл факторлар орын алып отырған үлкен геосаяси ойынның ұсақ тиынына айналуы мүмкін.

Саясаттанушы Досым Сатпаевтің айтуынша, республиканың аумағында басқа потенциалды терроризмнің көзі күрдтік ұйымдар, соның ішінде Күрдістанның жұмысшы партиясы болуы мүмкін. Ұйғырлар жағдайы сияқты бұл қауіптер Қазақстанда жеткілікті үлкен күрд диаспорасының өмір сүруімен байланысты, сондықтан Қазақстан мен Түркия арасындағы тығыз байланыстарға өте сак болуда.

Халықаралық терроризм мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында ауыр қауіптердің бірі – заңсыз миграция проблемасы болып табылады. Бұл арна террористік ұйымдармен жоспарланған акцияларды орындаушыларды жеткізу үшін қолданылуы

мүмкін, сонымен қоса, Қазақстанның аумағын қолдана отырып, бұл, мысалы, Орталық Азия моджахеттерінің «Жамаат» террористік тобымен жүзеге асырылды. Халықаралық терроризмнің және экстремизмнің белсендігінің артуымен байланысты Орталық Азиядағы қалыптасқан жағдай өте қауіпті болып тұр:

Біріншіден, Ауғанстандағы террористік инфроқұрылымды жою бойынша әскери операция аяғына дейін жеткізілмеді. Бұдан әрі, «Талибан» қозғалысы Ауғанстанда өз билигін жүргізе отырып бұрынғыдай елде өзінің ықпалын күшейтті, ал баска ауғандық террористік ұйымдардың қалдықтары Орталық Азия мен Кавказдың бірқатар жасырын экстремистік ұйымдардың лидерлерімен байланыстарды қалпына келтіруге тырысуда.

Екіншіден, Өзбекстанның ислам козғалысы, «Хизбут-Тахрир» атты террористік және экстремистік ұйымдардың Орталық Азиядагы кызметі белсендігінің артуы туралы мәліметтер пайда болды, бұл ұйымдардың лидерлері «Аль-Каида» мен «Талибанның» басшыларымен байланыстарды қалпына келтіруге, аймақтағы өзінің іс-әрекеттерінің координациясын қалпына келтіруге тырысуда. Әлемде халықаралық террористік ұйымдардың интеграциясы жүріп жатқанымен бұл жағдай тікелей байланысты. Талибан экстремистері мен Өзбекстанның ислам қозғалысынан бастап шешен сепаратистері мен қытайлық Шыңжаңның «тәуелсіздігі үшін күресшілердің» тығыз өзара ықпалдастығы мысал бола алады.

Үшіншіден, терроризм мен экстремизмнің қауіпті есірткінің заңсыз айналымымен тығыз байланысты, оның көздерінің бірі Ауғанистан болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының эксперттік тобының мәліметтеріне сәйкес бұл елдің үлесіне шикі апиын әлемдік өндірісінің шамамен 75 пайызы келеді. Сонымен қоса Орта Азиялық бағыт әлемдік нарықтарға есірткі тасымалының басты арнасы болып табылады, өйткені, эксперттердің бағалауы бойынша Ауғанистанда өндірілетін есірткінің 65 пайызы осы аймақ арқылы өтеді. Есірткіні кедергісіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін аймакта қылмыстық топтар есірткі трафигі жолдарының бойында өзіндік «тұрақсыздык коридорын» құруға баруы мүмкін, яғни былайша айтқанда «солтүстік бағыт» бойынша.

Төртіншіден, орта мерзімді міндет ретінде халықаралық террористік орталықтар Ферған даласында ислам мемлекетін – Халифатты құруды қарастырады. Бұл жобаны жүзеге асыру өмір сүріп отырған мемлекеттіліктің формаларын зорлықпен бұзуды білдіретіні түсінікті, кем дегенде үш елде - Өзбекстанда, Тәжікстанда және Қырғызстанда.

Терроризмнің алдын-алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін саяси, экономикалық, әлеуметтік, гылыми-техникалық және құқықтық шараларды жетілдіру мемлекеттік органдардың қызметінде жетекші орындардың бірін алуы керек. Сол қызметтердің негізіне терроризмнен туындайтын әр түрлі қарама-қайшылықтар мен жанжалдарды өндіретін факторларға жоспарлы ықпал ету қағидасы салыну керек. Осымен байланысты исламның радикализациясына жол бермеу үшін экономикалық және әлеуметтік шаралардан тыс тұрақты негізде қоғамдық ұйымдар мен құзырлы мемлекеттік органдардың күштерімен осы сұрақты идеологиялық жасақтауын жүргізу қажет. Яғни үнемі ақпараттық-ағартушылық жұмысты жүзеге асыру керек, оның ішіне діни сұрақтарды кең қарастыру, сонымен қоса, радикалды діни ұйымдармен қолданылатын психологиялық манипуляция амалдарын қарастыру жатады.

Кейбір саясаттанушылар Орталық Азиядағы, оның ішінде Қазақстандағы қауіпсіздік мәселесінің, діни ахуалдың күрделеніп кетуін геосаяси фактормен байланыстырады. Мәселен, саясаттанушы Расул Жұмалы: «Біздің елдің орналасу жағрапиясы да ерекше. Екі ірі ядролық державаның ортасында тұрмыз. Біріншісі – миллиардтан астам халқы бар, қарқынды дамып келе жатқан экономикасы, күннен-күнге күшейіп келе жатқан армиясы бар Қытай. Екіншісі — ядролық гүрзісімен әлемді үркітіп отырған Ресей. Ресейдің экономикасы әлсіз десек те, Орта Азия елдерін жүз есе орап кетуге қауқарлы. Халқы да жетерлік. Рас, осы

екі елмен де достық қарым-қатынасымыз жақсы. Татумыз. Бірақ осы екі елдің де Орта Азияда үлкен мүдделері бар. Мұны жалғыз Қазақстан ғана емес, өзге көрші республикалар да жадынан шығармағаны жөн. Сондай-ақ Орта Азияға төнетін қауіп жетерлік. Ең бастыларының бірі – Ауғанстан жағынан келетін діни экстермизм, терроризм, есірткі тасымалы. Бұл – үлкен қауіптің басы. Қауіп-қатердің бұдан өзге де жолдарына келер болсақ, осы аймақта жатқан республикалардың су және энергия көздеріне деген келіспеушілігі көп. Бұл да жанжалға алып келуі әбден мүмкін. Шекара мәселесінде де дау жеткілікті. Сондай-ақ әр елдің саяси ұстанымдары әртүрлі. Мұның өзі де түрлі кикілжіңдер тудырары хақ. Осы мәселелерді сараптай келіп, Орта Азияға не болмаса Қазақстанға ешқандай қатер жоқ, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» тыныш заманды бастан өткеріп жатырмыз деп ойлауға болмайды. Иә, өмір жалғасып жатыр. Жанталасқан жұрт. Ал жоғарыдағылар өздеріне ыңғайлы саясатты ұстанып, өздеріне оңтайлы мүмкіндіктерді пайдалануға тырысуда. Бұл орайда саяси ұстанымдардың да саясатқа ықпалы барын жоққа шығаруға болмайды. Біздің де өз ұстанымымыз өзгелердің билеп-төстеуіне жол бермеуі керек. Мұндай мүмкіндік Қазақстанда бар» - дейді.

Қорыта айтқанда, Орталық Азия елдері терроризмге қарсы күресті бірлесе, ең алдымен оның шығу себептерін зерттей отырып жүргізулері керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Мейірім Бақытжанова « Бүлікке қатысқан Йакын Инкар тобы туралы, Айқын ақпараттық порталы

2 Әліпбаев А.Р. Лаңкестік: әлеуметтік-саяси астары / А.Р. Әліпбаев, Б.З. Бөжеева // ҚазҰУ Хабаршысы, ХҚ және ХҚ сериясы. — 2017. — № 3(79). — Б. 23–30.

3 Досым Сатпаев « Қаңтар оқиғасынан кейінгі күтілетін нәтижелер» vlast.kz/amp/politika/48132-dosym-satpaev-politolog-a-nadeus-cto-posle-etih-sobytijhot-kakie-to-vyvody-budut-sdelany.html

4 Васильев Л. Особенности борьбы с терроризмом в Центральной Азии в современных условиях / Л. Васильев // Мировые державы в Центральной Азии. — М., 2011. — С. 183–195.